Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті бойынша 2021-2022 оқу жылында 2 білім алушы және денсаулығына байланысты үйден тегін оқытылатын 1 білім алушы, 2022-2023 оқу жылында 3 білім алушы және 2023-2024 оқу жылдарында 3 білім алушы тіркелген. ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алған. Білім алушыларға уақытылы жағдай жасалған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып ПМПК қорытындысы негізінде жалпыға білім беретін мектеп бағдарламасы бойынша оқыту жүргізіліп, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылына ерекше білім қажет ететін байланысты 2 білім алушы оқытылған. Олар:

1. 3 «А» сынып оқушысы Нұрланқызы Жұлдыз – жеңіл ақыл-ой кемістігі, ОНР І-ІІ деңгей. «Ақтөбе облысының білім басқармасының ММ-нің «Облыстық психологиялық –медициналық педагогикалық консультациясының №21731 қорытындысы.

2. 7 «Б» сынып оқушысы Богданов Юрий Владимирович – жеңіл ақыл-ой кемістігі. «Ақтөбе облысының білім басқармасының ММ-нің «Облыстық психологиялық – медициналық педагогикалық консультациясының №23520 қорытындысы.
3. 4 «А» сынып оқушысы Сазанбай Дамира – денсаулығына байланысты үйден жеке тегін оқытылды. «Ақтөбе облысының білім басқармасының ММ-нің «Облыстық психологиялық –медициналық педагогикалық консультациясының №22353 қорытындысы. ДҚК №442 19.08.2021ж

3 «А» сынып оқушысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 4-қосымша Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары және жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған.

7 «Б» сынып оқушысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 10-қосымша Оқыту орыс тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары

4 «А» сынып оқушысы Сазанбай Дамира Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығына 53-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 53-қосымша Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары бойынша оқытылды. Оқушының ата-анасымен келісіліп сабақ кестесі құрылды. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 4 «А» сыныбында 14 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілді.

2022-2023 оқу жылы:

2022-2023 оқу жылы: оқу жылына ерекше білім қажет ететін байланысты 3 білім алушы оқытылған. Олар:

1. 1 «А» сынып оқушысы Ибраһимов Темірхан Тоқтарұлы – психикалық дамуының кешігуі, жалпы сөйлеу тілінің дамымауы ІІ деңгей. «Ақтөбе облысының білім басқармасының ММ-нің «Облыстық психологиялық –медициналық педагогикалық консультациясының №23517 қорытындысы. 26.05.2022ж-05.25ж
2. 4 «А» сынып оқушысы Нұрланқызы Жұлдыз – жеңіл ақыл-ой кемістігі, жалпы сөйлеу тілінің дамымауы І–ІІ деңгей. «Ақтөбе облысының білім басқармасының ММ-нің «Облыстық психологиялық –медициналық педагогикалық консультациясының №23516 қорытындысы. 26.05.2022ж-05.25ж
3. 8 «Б» сынып оқушысы Богданов Юрий Владимирович – жеңіл ақыл-ой кемістігі. «Ақтөбе облысының білім басқармасының ММ-нің «Облыстық психологиялық – медициналық педагогикалық консультациясының №23520 қорытындысы. 26.05.2022ж-05.24ж

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылына ерекше білім қажет ететін 2 білім алушы жалпы білім беретін мектебінде оқытылған. Олар:

1. 2 «А» сынып оқушысы Ибраһимов Темірхан Тоқтарұлы – психикалық дамуының кешігуі, жалпы сөйлеу тілінің дамымауы ІІ деңгей. «Ақтөбе облысының білім басқармасының ММ-нің «Облыстық психологиялық – медициналық педагогикалық консультациясының №23517 қорытындысы. 26.05.2022ж - 05.25ж
2. 5 «А» сынып оқушысы Нұрланқызы Жұлдыз – жеңіл ақыл-ой кемістігі, жалпы сөйлеу тілінің дамымауы І–ІІ деңгей. «Ақтөбе облысының білім басқармасының ММ-нің «Облыстық психологиялық – медициналық педагогикалық консультациясының №23516 қорытындысы. 26.05.2022ж -05.25ж. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мүгедектігі туралы анықтамасы: ІІ топтағы мүгедектігі бар бала, 21.12.2023ж
3. 9 «Б» сынып оқушысы Богданов Юрий Владимирович – жеңіл ақыл-ой кемістігі. «Ақтөбе облысының білім басқармасының ММ-нің «Облыстық психологиялық – медициналық педагогикалық консультациясының №23520 қорытындысы. 26.05.2022ж-05.24ж

ҚР Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18 тамыздағы 264 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары», ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 6-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 9-қосымшасына негізделген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің жеке оқу жоспары», ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 6-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 10-қосымшасына негізделген «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің жеке оқу жоспары» оқытылады.

2021-2024 жылдар аралығындағы мектептің ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастырудағы атқарған жұмыстары төмендегідей: Білімге деген сұраныстары ерекше оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер оқу процесінде жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қажетіне қарай бейімдеп, сабақты білімге деген сұраныстары ерекше балаларды оқытудың жеке тәсілдерін сабақтарында қолданып отырған. Сабақтарында пән мұғалімдері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда өзгермелі жеке әдіс-тәсілдерді қолданып жеке қолдау арқылы бағалап отырады. Педагог-психологтер Тұрсынбекова Н.Ж және Шуиншалина Д.Ж, әлеуметтік педагог Дәулетова А Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығымен бекітілген “Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасалған. Мектептің әлеуметтік педагогы Дәулетова А ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып, тұрмыс-жағдайын бақылауға алған, зерделеу актілері жинақталған. Мектеп психологтері Тұрсынбекова Н.Ж және Шуиншалина Д.Ж, әлеуметтік педагог Дәулетова А психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда пән мұғалімдеріне

кеңестер беріп, көмек ұйымдастырып отырған. Білім алушылар қоғамдық жұмыстарға, іс-шараларға қатыстырылған. 66 Білім алушылардың білім алуына қолайлы жағдайлар жасалған. Мектепте өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету, баланы мектепшілік іс шараларға қатыстыру арқылы белсенділігін, қызығушылығын арттыру жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылған. Білім беру барысында пән мұғалімдері сабақ жоспарларына ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнап тапсырма беріп және тапсырма талданып формативті бағалаулар жүйесі негізінде бағаланған.

ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру.

«ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылдың 20 тамыздағы №415 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 1-қосымшасы, 5-9 кластардың оқу жоспары ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 6, 10-қосымшалар, 10-11 кластардың оқу жоспары «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 100 қосымша өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 31, 2-қосымшасы негізінде вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтері іске асырылған.

2021-2022 оқу жылы

2а сыныбында «Ойнайық та, ойлайық» атты аптасына 1 рет белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтары, танымдық іс-әрекетке, өздігінен ізденуге бейімдеу, 3а сыныбында «Логикалық есептер әлемінде» атты аптасына 1 рет. 4а сыныбында «Логика әлемі» » атты аптасына 1 рет, 5а сыныбында «Әдеп және парасаттылық» (Жаһандық құзіреттілік) атты аптасына 1 рет, 5а «Робототехника» (элективті курс), 5б «Добропорядочность и этика» (Жаһандық құзіреттілік), 6а «Экология» (Жаһандық құзіреттілік), 6а «Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы» (элективті курс), 6б «Экология»(Жаһандық құзіреттілік), 7а «Сындарлы ойлау және эмоционалды интеллект» (Жаһандық құзіреттілік), 7а «Робототехника» (элективті курс), 7б «Критическое мышление и эмоциональный интеллект» (Жаһандық құзіреттілік), 8а «Медиасауаттылық» (Жаһандық құзіреттілік), 8а «Қазақ тіліндегі сандық ұғымдар» (элективті курс), 8б «Медиаграмотность» (Жаһандық құзіреттілік), 9а «Зайырлылық және дінтану негіздері»(Жаһандық құзіреттілік), 9а «Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары» (элективті курс), 9б «Светскость и основы религиоведения» (Жаһандық құзіреттілік), 10а сыныбында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «АӘД», «Химиялық талдау негіздері» және «Абайтану», ал 10б «Основы предпринимательства и бизнеса», 11а «Эволюциялық ілім», «Абайтану», «Төрткүл дүниенің тылсым аймақтары» (жеке және топтық сабақтар), «Ұлттық ойындар, «Тқрмыстағы химия», «Спорттық ойын», 11б «Математика в экономике», «Cells and tissues», «Абайтану» жеке және топтық

сабақтарынан және жаһандық құзіреттілік пен элективті курсы есебінен жоғарыдағы факультативтік сабақтар берілді. Бқлардың барлығы оқушыларды әр жас екершеліктеріне байланысты сараланып, ескеріліп, олардың бойындағы қабілеттерін барынша әр түрлі деңгейде қалыптастыру мақсатында алынды. Бірі спорттық, көркем өнер, білім, интеллект жағынан қамтылатындай ұйымдастырылды.

2022-2023 оқу жылы

1а «Қызықты математика», 2а «Логикалық математика», 3а «Қызықты математика», 4а «Математика әлемі» атты белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтардың есебінен сағаттар бөлінді. Бұл сағаттардың негізгі мақсаты: бастауыш сынып оқушыларына кішкентай жасынан бастап математикалық білім, білік және дағдыны игеру, математика курсының мазмұны арқылы танымдық және коммуникативтік іс-әрекет пен өздігінен білім алуға және еңбекке бейімдеу, сондай-ақ ата-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сана, халықтық және ұлттық болмысты дүниежүзілік мәдени мұралармен үндестіру арқылы баланы тұлға ретінде қалыптастыру. 5а, 6а, 7а, 8а, 9а – 0,5сағаттан және дәл сондай орыс сыныптарына 5б, 6б, 7б, 8б, 9б – 0,5 сағаттан жаһандық құзіреттілік есебінен сағаттар берілді. Негізгі мақсаты: «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Курстың мақсаты – жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. 10а «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Курстың мақсаты – жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Жаһандық құзіреттілік -1 рет аптасына, «Комбинаторика және ықтималдықтар теориясы», «Тоғызқұмалақ», 10б Глобальные компетенции -1 рет аптасына, «Практическое применение вопросов математики». Бұл курстардың негізгі мақсаты: білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру. 11а Жаһандық құзіреттілік -1 рет аптасына, «Геометриялық фигуралардың беттерінің аудандары мен көлемдері», «Спорттық ойындар(үстел теннисі)», 11б Глобальные компетенции -1 рет аптасына, «Физические законы» сынды сағаттар өткізілді.

2023-2024 оқу жылында

1а «Қызықты математика», 2а «Математика өмірде», «Логикалық математика», 2б «Занимательная математика», 3а «Шахмат», 4а «Қызықты математика» атты белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтардың есебінен сағаттар бөлінді. Бұл сағаттардың негізгі мақсаты: Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытып, пәнге деген қызығушылықтарын арттырудың негізгі бір жолы-дидактикалық материалдар мен қызықты тапсырмалар арқылы зерделілікке, қиялдауға, тапқырлыққа, шапшаң есептеу қабілеттерін дамыту.5а, 6а, 7а, 8а, 9а – 0,5сағаттан және дәл сондай орыс сыныптарына 5б, 6б, 7б, 8б, 9б – 0,5 сағаттан жаһандық құзіреттілік есебінен сағаттар берілді. Курстың мақсаты – жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. 10а жаһандық құзіреттілік, «Математикалық сауаттылық», «Physics in English», 10б Глобальные

компетенции -1 рет аптасына, «Основы комбинаторики и теории графов», 11а Жаһандық күзіреттілік -1 рет аптасына, «Жалпы биология негіздері», «Физика пәні бойынша жаңа форматтағы есептерді шығару», 11б Глобальные компетенции - 1 рет аптасына, «Практическое применение вопросов математики» сынды сағаттар өткізілді. Бұл сабақтардың негізгі мақсаты – жас түлектерді өмір бойы оқуға, функционалды сауатты болуға тәрбиелей отырып, болашақ мамандығын дұрыс таңдауына, терең білім алуына жағдай жасау. жаңа форматтағы деңгейлі есептерді шығару әдістерін меңгерту.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын оқу.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-қосымшасының 2-тарауы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар» 1-параграфы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» 24-тармақшасы, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-қосымшасының 4-тарауы «Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» 1-параграфы «Негізгі орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» 75-тармақшасы, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-қосымшасының 4-тарауы «Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» 1-параграфы «Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» 81-тармақшасында белгіленген талаптар орындалған. 1-4- сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұнын 1-4- сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3- сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырған. 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылған. 10-11-сыныптарда "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылған. 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылған. Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: «Рухани құндылығы жоғары және сана-сезімі қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу». Тәрбие жұмысының мақсаты: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу- тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім

беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу; Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында; Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау; Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау; Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін міндеттер белгіленген: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету; Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету; Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету; Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету; Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету; Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету; Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту; Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату; Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру; Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы ««Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV, 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4

желтоқсандағы № 214-IV, «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI, «Білім туралы» ҚР Заңы 2007жылғы 27 шілдедегі №319, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасына сәйкес жүргізілген.

Тәрбие жоспары сегіз бағыт және 15 жоба бойынша құрастырылған. Сегіз бағыт бойынша құрылған жоспарға қосымша жобалар кіріктірілген. «Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» бағытына «Құқықтық сана қауымға пана», «Рухани-танымдық тәрбие» бағытына «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Ұлттық тәрбие» бағытына «Дәстүр мен ғұрып» жобасы, «Отбасылық тәрбие» бағытына «Отбасы-мектеп» жобасы, «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» бағытына «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Еңбек – елдің мұраты» жобасы, «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие», «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру», «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу» бағытына «Қоғамға қызмет», «Мектеп өмірінің бір күні», «Театр сабақтары» жобалары кіріктіріліп жасалған. Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды. Оқу жылының алғашқы күнінде карантиндік жағдайларға байланысты тек 1–сыныптар үшін «Кел, балалар, оқылық!» атты салтанатты жиын өткізілген. Сонымен қатар 1 қыркүйек білім күнінде «Ата Заң Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденудің негізі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. «Абайлаңыз балалар» атты 1-4 сынып оқушылары үшін акция ұйымдастырылды. Қазан айында шаңырақ оқушылар қауымдастығының ұйымдастыруымен «Мәңгілік Ел болу – мұратымыз» патриоттық әндер, «Тұғыры биік тұлғалар» 100 жаңа есім жобасы аясында шаңырақ сағаттары өткізілді. Қазан айында Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына байланысты «Оқуға құштар» жобасы аясында «Кел, балалар, оқылық!» атты челлендж ұйымдастырылды. 5 қазан Ұстаздар күніне орай «Жас Ұлан» және «Жас қыран» ұйымы ұстаздарған арнап өлең шумақтарын оқып, нерлерін көрсетті, сонымен қатар мәдени қызметкерлермен және өнер адамдарымен кездесу өткізді. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай «Ең үздік 30 Ұлан» марапатталды. Желтоқсан айында «Тәуелсіздік – еліміздің жарқын болашағы» тақырыбында әдеби сазды кеш ұйымдастырылды. Қараша айында 5-11 сыныптар арасында «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ» атты тақырыбында апталық жүргізілді. Апталық кезінде түрлі шаралар өткізілді. Мектеп психологы Д.Шуиншалина оқушыларға түсіндіру жұмысын ұйымдастырды. 9 – қараша күні

«Қыздар гигиенасы» туралы мектеп медбикесі З.Сейтпанова өткізуімен 8-10 қыз балаларының арасында жиналыс өткізілді. Жиналыста жалпы оқушылардың тазалығы, қыз балалардың жеке гигиенасы, тәртібі, мектеп формасы жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу, сенім жәшігі және сенім телефондары жайлы айтылды. Дінтанушы – теолог маман ішкі тұрақтылық пен дәстүрлі рухани құндылықтарға баса назар аудару керектігіне тоқталып өті. 13-қараша күні 1-11 сынып жетекшілері «Дұрыс тамақтану – болашақ ұлт денсаулығын сақтау» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді. 15 – қараша – Ұлттық валюта күніне қарсы аға тәлімгер А.Жұмабекова «Теңге – Тәуелсіздік келбеті» және «Ұлттық валютамыз – тәуелсіздігіміздің көрсеткіші» тақырыптарында 5-11 сынып оқушыларына үнпарақ шығару жұмысын ұйымдастырды. 15-қараша күні Мектеп Президенті Бағдат Айым және «Жас Ұлан» ұйымының кезекті отырысы өтті. Отырыста іс – шараларға, қоғамдық жұмысқа белсенділік танытқан оқушылар аталып, сонымен қатар «Адал ұрпақ» еріктілер клубы, «Инабат» қыз балалар, «Жігер» ер балалар клубының жұмыстарының есебі тыңдалды. 19-қараша күні 5 «А», 3 «Б» сыныбында «Сыйластық әдебі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. 22-қараша күні Полиция бөлімінің бастығының I орынбасары Ақентай Мадияр Төлеуұлы, Кәметке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полицей инспекторы Умирзакова Алия Оразғалиқызы қатысуымен «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы болды. 1-8 сыныптың оқушылары үшін жол қауіпсіздігіне байланысты куртқаға немесе сумкаға автокөліктің жарық шамына қарсы лента орнату туралы ата-аналарға ұсыныс жасалды. «Адал ұрпақ» ерікті клубының жоспарына сәйкес 2-3 сынып оқушыларына «Адал еңбек бейнесі» сурет байқауы ұйымдастырылды. Кітапханашы М.Ахметова мен Н.Өрікбаева және ақпарат фракциясы үзіліс кезінде радио рубка арқылы «М.Хакімжанованың өлеңдерін оқимыз», «Ж.Жабаевтың өмірінен 10 дерек» тақырыбында өлең шумақтар мен ақпараттар оқылды. 5 -11 сынып жетекшілері «Тәуелсіздіктің нұры – тұңғыш Елбасы» тақырыбында танымдық сабақтар өткізді. Технология пәні мұғалімдері «Тәуелсіздікке тарту» тақырыбында қол өнер көрмесін ұйымдастырды. 30-қараша күні 5-7 сынып оқушылары арасында «Жұлдызға жол» балалар ән байқауы өткізілді. Байқауға қатысқан оқушылар мен ұстаздарға мектебіміздің Қамқоршылық кеңесінің мүшелері Н.Өрікбаева мен Г.Бекбосынова және ата – ана Гулей Максим демеушілік көрсетті. 1-11 сынып жетекшілері «Елбасының көшбасшылық сабақтары» тәрбие сағаттарын өткізді. 6-10 желтоқсан айының аралығында Тәуелсіздік мерекесіне қарсы «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» және Мектеп парламентінің онлайн мерекелік құттықтау ұйымдастырды. 1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай 5б, 6а сыныбында «Ұлт көшбасшысы – Елбасы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 6-желтоқсан күні 5-7 сынып оқушылары арасында «Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар» тақырыбында эстафеталық ойын өткізілді. 9 – желтоқсан күні 6а, 6б сыныбында «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. 14-желтоқсан күні 1а,1б,5а,5б сынып оқушыларын «Жас қыран», «Жас Ұлан»ұйымына қабылдау жиыны өтті. Жаңа жылдық мерекесі қарсаңында мектеп оқушыларына ерекше жыл болды деп айта кетуге болады.Желтоқсан айының 27-29 күні аралығында 1-11 сынып оқушыларына жаңа жылдық шырша ұйымдастырылды. Қаңтар айында жалпы азаматтық құндылықтарын кеңінен насихаттау «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында 5 б

сыныбында тәрбие сағаты өтті. Сынып жетекшісі Л.Н.Мусина оқушыларға жеке суреттер салғызып, тақырып бойынша пікірлермен бөлісті. 2022 жылдың қаңтар айының 22-күні 5-10 аралығында «Жемқорлықтың тарихи тамыры» атты тақырыпта сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 10 оқушы қатысып, жұмыстары «Парасат» бұрышына ілінді. А.Көнекбайдың ұйымдастыруымен «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» тақырыбында Алашорда ізбасарлары және Парасат дебат клубының мүшелерімен дебат ойыны өтті. Дебат клубының жетекшісі 25-қаңтар күні 8-11 сынып қыз балалар арасында «Қыздар сұлу қолөнер қылығымен» атты тақырыбында жиналыс өткізді. Д. Қонаевтың 110 жылдығына орай 10а сыныптың жетекшісі А.Абдирова «Ғасырдың дара перзенті» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. 28-қаңтар айында мектеп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен мектеп психологының бірлескен ата-аналар үшін «Кәметке толмағандардың беймазалық көңіл-күйінің алдын алу» мақсатында тренинг өткізді. 2-қаңтар күні мектеп Парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен 5а сынып оқушыларына «Біз рәміздерді мақтан тұтамыз» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. 2-ақпан күні 8-11 сыныптың ер балалары арасында жиналыс өткізілді. Жиналыста ер балалардың тәртібі, сабаққа қатысымы, мектеп формасы мен қазақ отбасындағы бала тәрбиесінің ерекшеліктері, қоғамдық ортада бала өзін қалай ұстау керектігі туралы айтылды. 12-ақпан күні «2022 – Бала жылы» аясында мектеп Парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен 5-7 сынып оқушылары арасында мұз айдынында салауатты өмір салтын қалыптастыру, демалыс күнін тиімді пайдалану мақсатында «Dance Party» атты эстафета өткізілді. 26 - ақпан күні Әйтеке би АПК ЖПҚ УПИ полция майоры Н.А.Ахметалин 8-11 сынып оқушыларына «Қалталы ұрлық» тақырыбында баяндама оқып, алдын алу түсіндіру жұмыстарын жүргізді. 26-ақпан күні 1-4 сынып оқушылары арасында «Жол тәртібін білейік, аман – есен жүрейік» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Рәміздер – елдігімнің белгісі» тақырыбында Қожабаева Мадина 1а сыныбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Әйтеке би аудандық «Айбын» әскери қысқы көп сайыс жарысында Автоматты бөлшектеп жинау жарысында бірінші 1 орын алған Аяпберген Рауан және 3 орын алған Бақытқалиева Дана, Тир атудан 1 орын алған Бақытқалұлы Ермұрат, 2 орын Бақытқалиева Дана, 3 орын алған Султанова Меруерт жүлделі орын алып келді. Жетекшісі Сейтмағанбетов Толағай Маратұлы. 1-наурыз күні «алғыс айту» мерекесіне орай МАД және 1-11 сынып оқушылары барлық ұстаздарды шын жүректен құттықтады. 2-наурыз күні мектебімізде көпмәдениеттік және көркем – эстетикалық тәрбие бағыты бойынша 4-7 сынып қыз балалар арасында «Shevchenko Retro Stile» байқауы өткізілді.

3-наурыз күні «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында мектепте 8-10 сынып қыз балалар арасында «Жаңа үлгідегі ұлттық киім» жобасы өтті, Сонымен қатар «Мектеп аруы – 2022» байқауының қорытындысы өткізілді.

9-11 сынып оқушылары үшін әсіптік бағдар беру мақсатында профирентация жұмыстары жүрізілуде.

17-наурызүні мектебімізде «Оқуға құштар мектеп»жобасы аясында «Қарашығы кара өлеңге толған біз» тақырыбында Нұрсейтова Аружан әдеби сазды еш ұйымдастырды. «Наурыз-думан» тақырыбында 14-19 наурыз айында 1-11 сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын, сонымен қатар 2 «А», 2 «Б» сынып оқушылары «Өз наурыз» туралы

көрініс көрсетті. 19- наурыз күні мерекелік концерт ұйымдаспырылды. Төртінші тоқсан бойы 19 іс-шара ұйымдастырылды. Оның ішінде 1 фестиваль, 4 байқау, екеуі апталық түрінде өткізілді. 7 сәуір күні Дүние жүзілік денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» атты ауылымыздың медбикелерімен ездесу өтті. Қамтылуы 40 оқушы. 9-13 сәуір аралығында Мектеп парламенті мен Жас Ұлан ұйымының ұйымдастыруымен «Достық мектеп бірлескен жұмыс» атты апталық ұйымдастырылды. Қамтылуы 174 оқушы. 12 сәуір күні Ғарышкерлер күніне орай физика және информатика пәні мұғалімдері 5-11 сыныптарарасында «Ғарышта түрен салған қыран қазақ» атты іс-шара өткізді. 15 сәуір күні 11 сынып оқушылары 10 сынып оқушыларымен «Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?» атты кездесу ұйымдастырды. 28-29 сәуір күні еңбек өтілі 1-15 жыл аралығындағы сынып жетекшілерге арналған «Ең үздік сынып жетекші-2022» байқауы ұйымдастырылды. 29 сәуір күні 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем – Қазақстан» атты фестиваль ұйымдастырылды. Қамтылуы 150 оқушы. 4 мамыр күні Бала жылы аясында 1-4 сынып арасында «Екі жұлдыз» отбасылық ән байқауы ұйымдастырылды. 13 мамыр күні 5-10 сынып аралығында әскери патриоттық тәрбие беру мақсатында «Сап түзе, Жас Ұлан» байқауы ұйымдастырылды. 1 наурыз Алғыс айту күніне орай 11 сынып оқушылары «Алғыс алған арымас» тақырыбында мерекелік іс-шаралар ұйымдастырды, сонымен қатар 1-11 сынып оқушылары мектебіміздің ұстаздары мен кіші қызметкерлеріне арнап құттықтау видео түсірді. 19 – наурыз күні Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай «Наурыз думан» атты 1-11 сынып қатысуымен мерекелік концертті ұйымдастырылды. Мектебіміздің түлегі,жерлесеміз «Nur OTAN» партиясының Ақтөбе облыстақ филиалының депутаттық фракциясының мүшесі, «Халық алғысы» медалінің иесі Қойлыбаев Қайрат Әлібиұлының демеушілігімен және «Nur Otan» партиясының облыстық маслихатының депутаттары Айтжанов Асхат Абдрахманұлы, Бекенова Алмагул Шұбайқызы 7 оқушыға бағалы сыйлықтар мен әр балаға тәтті жиынтықтар және ойыншықтарды АО «ТНК» Казхромының әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі үйлестірушісі Исенғалиев Нурсұлтан Айтимович арқылы сыйлықтарын жеткізді. Балалардың жүздерінде күлкі, жүректерінде қуаныш байқалды. Ата-аналар демеушілерге рақмет айтып, алғыстарын жеткізді.

Сәуір айының 15 күні 5-7 сынып аралығында «Жылдық үздік сыныбы» ұйымдастырылды. Сәуір айының 11-16 аралығында өзін өзі басқару ұйымының «Достық көмекпен мықты» атты апталығы ұйымдастырылды. 25-мамыр күні «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты салтанатты жиын өтті.

2021-2022 оқу жылында мектеп ішіндегі үйірмелер жұмыс жасаған. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында үйірмелер өз уақытында өткізілген және нәтижесін берген. Қамқоршылық күнін атап өту мақсатында «Мейірім шуағы» тақырыбында класс жетекшілермен бірлесе отырып тәрбие сағаттары жүргізілген. 8-11-сынып оқушылары арасында «Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында лекция оқылған. Оқушылар мен ата-аналар арасында сауалнама жүргізілген. 2021-2022 оқу жылында қосымша білім беру арқылы білім алушылардың сабақтан тыс уақыттарда шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында жұмыстанған. Жылдық жұмыс жоспарын құру барысында үйірме мен мектептің оқу-тәрбие жоспарымен үйлесім тапқан. Жүргізілген жұмыстар жүйесі сақталған. Тұлғаның білім икемін арттыруға, өзін-

өзі тәрбиелеудің ғылыми деңгейін ұйымдастыруға, танымдық белсенділігі мен еңбекке көзқарасын, қарым-қатынас арқылы өмір сүру икемділігін, мінез ерекшеліктері мен ішкі мүмкіндіктерін ескеру арқылы жеке тұлға қалыптастыру басты назарға алынған. Ұйымдастыру жұмыстары кезінде дарынды оқушыларды анықтап, үйірмелерге тарту жүзеге асырылған. Жоспар дәстүрлі мерекелер мен іс-шаралар, танымдық дамытушылық бағыттағы жұмыстар, дене-тәрбиелік, бұқаралық бағыттағы жұмыстар, көркемдік-техникалық бағыттағы жұмыстар бойынша жасалған. Дәстүрлі мерекелер мен іс-шаралар бағытында «Тіл мәртебесі-елмәртебесі», «Өмірдің өзі-ұлы ұстаз», «Ұстаздар асыл жандар», «Жас таланттар» шығармашылық байқауы, «Тәуелсіздік ел мұраты!», «Шебердің көзі мерген», «Білімді мыңды жығар», «Ұстаз тәжірибесінен», «Сыйынар ем ана деген тәңірге», «Әрбір бала- бір әлем», «Ағаш тамырымен, адам дос жарымен мықты» тақырыбында шаралар өткізілген. Танымдық дамытушылық бағыттағы жұмыстар барысында «Кітап-алтын сандық», «Қазақстанның болашағы жастардың қолында», «Отан қуат, Отбасы-шуақ» т.б. тақырыптар қамтылған. Дене-тәрбиелік, бұқаралық бағытта «Нашақорлыққа жол жоқ», «Спорт-біздің серігіміз», «Спорт-денсаулық кепілі» т.б. шаралар өткізілген. Көркемдік-техникалық бағыт бойынша «Шебердің қолы көпке ортақ», «Шебер», «Қолданбалы өнер», «Жас сәнгер-2021», «Үш тілділік оқушы көзімен...» тақырыптарында шаралар өткізілген. Әр тоқсан соңында жүргізілген жұмыстарға мониторинг жасалып, жетістіктер ата-аналарға оқушылардың жетістіктері туралы хабардар етіліп отырған.

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 27 мамыр 2022 жылғы №254 бұйрығына сәйкес мектеп директоры Ж.Д.Қуанышеваның 2022 жылғы 1 маусым №111/1 бұйрығына сай «Мейірім» мектеп жанындағы лагері жұмыс жасаған. «Мейірім» лагерінде 80 оқушы демалған. Лагерьде қызмет етуге 9 кадр бекітілген. Ас мәзірі жасалып, Әйтеке би АББ басшысымен бекітілген. Әр кадрдың атқаратын міндеттері анықталып, таныстырылған. Тәрбиешілер жұмыс жоспарын жасаған. Жоспар бойынша «Шебер қолдар» сайысы, «Эмоджи фильм», «Көңілді старт», «Бозбала мен бойжеткен», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Кездесу мен қоштасу» деген тақырыпта түрлі шаралар ұйымдастырылған. Мектеп психологі Д.Шуиншалина мақал-мәтелдердің, өсиет сөздердің мағынасын түсіне білуге, өз ойларын еркін жеткізуге, қиялдарына ерік беруге баулу «Таңдау», «Құм терапиясы», «Қиял жалғасы» т.б. тренингтер өткізген. Мектеп жанындағы спорт алаңдары және шешендік өнер, оқуға құштар мектеп, дебат, театр бағыттары бойынша жұмыстанатын алаңдар ұйымдастырылған. Алаңға барлығы 70 оқушы тартылған. «Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2021-2022 оқу жылында ата-аналармен жұмыс жоспары жасалған. Әр сынып бойынша ата-аналар жиналысы өткізіліп, мектеп ата-аналар кеңесіне кандидаттар ұсынылып, кеңес мүшелері тағайындалған. Ата-аналар кеңесінің жылдық жоспары жасалған. Жоспарда ата-аналар кеңесінің отырысы айына бір өткізілген. Оқу жылының басында ата-аналарға «Бала денсаулығы-ел байлығы» тақырыбында мектеп медбикесі баяндама оқыған. Мектептің дәстүрлі мерекелеріне ата-аналар қатысымы болған. Мектеп өмірімен етене танысып, балалардың оқу үлгерімін, сабаққа қатысымын білу үшін ашық есік күні өткізілген.

Өткізілген іс-шаралардың барлығы карантиндік талаптарды сақтай отырып өткен. 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу- тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылған. Тәрбие жұмысының мақсаты: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу- тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу; Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау. Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді. Тәрбие жұмысының міндеттері: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету. «Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылында ата-аналармен жұмыс жоспары жасалған. Әр сынып бойынша ата-аналар жиналысы өткізіліп, мектеп ата-аналар кеңесіне кандидаттар ұсынылған.

Ата-аналар кеңесінің жылдық жоспары жасалған. Сол бойынша мектептің ішкі тәртібі мен мектеп жарғысы таныстырылған. «Балалар қылмыстығының жағдайы» тақырыбында құқық қорғау органы өкілімен дөңгелек үстел өткізілген. «Ұялы телефон балаға дос па?» тақырыбынды пікіралмасу ұйымдастырылған. Мектептің дәстүрлі мерекелеріне ата-аналар қатысымы болған. Ата-аналар кеңесі отырысында «Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру» тақырыбы қаралған. Қауіпсіздік ережелеріне арналған түсінік жұмыстары жүргізілген. Жазғы алаңдар шешендік өнер, оқуға құштар, дебат, театр бағыттары бойынша түрлі шаралар ұйымдастырылған.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

- Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы

